



## ФИЛОСОФИЯ

FTAMP 02.41.00

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2026.1-39>АЙНҰР ҚҰРМАНАЛИЕВА<sup>1</sup> , ӘСЕЛ ҚОҒАБАЕВА<sup>2\*</sup> 

<sup>1</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан), e-mail: [ainura.kurmanalieva@kaznu.kz](mailto:ainura.kurmanalieva@kaznu.kz)

<sup>2\*</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты (Алматы, Қазақстан), e-mail: [kogabayevaassel@gmail.com](mailto:kogabayevaassel@gmail.com)

### ҰЛТТЫҚ БІРТҰТАСТЫҚ ЖӘНЕ ТІЛДІК БОЛМЫС: ҚАЗАҚСТАН МЕН МАЛАЙЗИЯНЫҢ ФОРМАЛДЫ ЖӘНЕ БЕЙРЕСМИ КЕҢІСТІКТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

**Аңдатпа.** Көпэтносты қоғамдардағы тілдік саясат пен шынайы тілдік тәжірибе арасындағы алшақтық тек әлеуметтік-саяси құбылыс қана емес, сонымен бірге діни-философиялық тұрғыдан адамның болмысы, бірегейлігі және қоғамдағы орны туралы терең пайымдауды қажет ететін мәселе болып табылады. Тіл – тек қатынас құралы емес, ол адамзаттың рухани жадын, мәдени кодын және дүниетанымын сақтаушы құндылық ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық тіл саясаты мен күнделікті тілдік тәжірибе арасындағы сәйкессіздік адамның ішкі рухани тұтастығы мен қоғамдық үйлесіміне әсер ететін фактор ретінде қарастырылады. Бұл зерттеу Абел Полезе ұсынған формалды және бейресми тілдік тәжірибені салыстыру әдісіне сүйене отырып, Қазақстан мен Малайзиядағы тілдік саясатты әдеби шолу негізінде талдайды. Зерттеу нәтижелері екі елде де ресми тілдік саясат ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталғанымен, шынайы өмірде үстем тілдердің әлеуметтік және кәсіби кеңістікте басымдыққа ие болатынын көрсетеді. Аталған қайшылықтар мемлекеттік тілдің символдық мәртебесі мен оның нақты өмірдегі қолданылу деңгейі арасындағы алшақтықты айқындайды. Бұл жағдай тілдің тек құқықтық норма ғана емес, рухани-этикалық жауапкершілік пен азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызды құрал екенін дәлелдейді.

**Кілт сөздер:** тіл саясаты, ресми тіл, бейресми тіл, бірегейлік, қазақ тілі, малай тілі, тілдік болмыс.

Ainura Kurmanalyieva<sup>1</sup>, Assel Kogabayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Philosophy, Professor (Almaty, Kazakhstan), e-mail: [ainura.kurmanalieva@kaznu.kz](mailto:ainura.kurmanalieva@kaznu.kz)

<sup>2</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Doctoral student of the Department of Religious Studies and Cultural Studies (Almaty, Kazakhstan), e-mail: [kogabayevaassel@gmail.com](mailto:kogabayevaassel@gmail.com)

### National Unity and Linguistic Reality: A Comparative Analysis of Formal and Informal Spaces in Kazakhstan and Malaysia

**\*Cite us correctly:**

Құрманалиева, А., & Қоғабасева, Ә. (2026). Ұлттық біртұтастық және тілдік болмыс: Қазақстан мен Малайзияның формалды және бейресми кеңістіктерін салыстырмалы талдау. *НИКМЕТ*, 1(7), 65–77. <https://doi.org/10.47526/3007-8598-2026.1-39>

Мақаланың редакцияға түскен күні 18.03.2026 / қабылданған күні 29.03.2026.

**Abstract.** The gap between language policy and actual linguistic practice in multiethnic societies is not merely a socio-political phenomenon, but also an issue that requires deep reflection from a religious-philosophical perspective on human existence, identity, and one's place in society. Language is not only a means of communication; it is a value that preserves humanity's spiritual memory, cultural code, and worldview. From this standpoint, the inconsistency between national language policy and everyday linguistic practice can be seen as a factor influencing both the inner spiritual integrity of the individual and social harmony. This study analyzes language policy in Kazakhstan and Malaysia through a literature review, drawing on Abel Polese's comparative approach to formal and informal linguistic practices. The findings indicate that although official language policies in both countries aim to strengthen national unity, dominant languages tend to prevail in social and professional domains in real-life practice. These contradictions highlight the gap between the symbolic status of the state language and its actual use in everyday life. This situation demonstrates that language is not merely a legal norm, but also a significant instrument of spiritual-ethical responsibility and the formation of civic identity.

**Keywords:** language policy, official language, informal language, identity, Kazakh language, Malay language, linguistic being.

**Айнура Курманалиева<sup>1</sup>, Асель Когабаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, доктор философских наук, профессор (Алматы, Казахстан), e-mail: [ainura.kurmanalieva@kaznu.kz](mailto:ainura.kurmanalieva@kaznu.kz)*

<sup>2</sup> *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Докторант кафедры религиоведения и культурологии (Алматы, Казахстан), e-mail: [kogabayevaassel@gmail.com](mailto:kogabayevaassel@gmail.com)*

### **Национальная целостность и языковая реальность: сравнительный анализ формальных и неформальных пространств Казахстана и Малайзии**

**Аннотация.** Разрыв между языковой политикой и реальной языковой практикой в многоэтнических обществах представляет собой не только социально-политическое явление, но и требует глубокого религиозно-философского осмысления вопросов человеческого бытия, идентичности и места человека в обществе. Язык выступает не просто средством коммуникации, но и как носитель духовной памяти, культурного кода и мировоззрения человечества. В этом контексте несоответствие между государственной языковой политикой и повседневной языковой практикой рассматривается как фактор, влияющий на внутреннюю духовную целостность личности и общественную гармонию. Данное исследование, опираясь на метод сопоставления формальных и неформальных языковых практик, предложенный Абелем Полезе, анализирует языковую политику Казахстана и Малайзии на основе обзора научной литературы. Результаты исследования показывают, что, несмотря на направленность официальной языковой политики на укрепление национального единства, в реальной практике доминирующие языки занимают ведущие позиции в социально-профессиональной сфере. Выявленные противоречия отражают разрыв между символическим статусом государственного языка и уровнем его фактического использования. Это свидетельствует о том, что язык является не только правовой нормой, но и важным инструментом духовно-этической ответственности и формирования гражданской идентичности.

**Ключевые слова:** языковая политика, официальный язык, неофициальный язык, идентичность, казахский язык, малайский язык, языковое бытие.

**Ainura KURMANALYIEVA<sup>1</sup>, Assel KOGABAYEVA<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Al-Farabi Kazak Ulusal Üniversitesi, felsefe bilimleri doktoru, profesör (Almatı, Kazakistan), e-mail: [ainura.kurmanalieva@kaznu.kz](mailto:ainura.kurmanalieva@kaznu.kz)

<sup>2</sup> Al-Farabi Kazak Ulusal Üniversitesi, Din ve Kültür Bilimleri Anabilim Dalı Doktora Öğrencisi (Almatı, Kazakistan), e-mail: [kogabayevaassel@gmail.com](mailto:kogabayevaassel@gmail.com)

**Ulusal Bütünlük ve Dilsel Varlık: Kazakistan ve Malezya'nın Formel ve Enformel Alanlarının Karşılaştırmalı Analizi**

**Özet.** Çok etnili toplumlarda dil politikası ile gerçek dilsel pratik arasındaki uçurum yalnızca sosyo-politik bir olgu değil, aynı zamanda insanın varlığı, kimliği ve toplum içindeki yeri üzerine derin bir dini ve felsefi düşünmeyi gerektiren çok boyutlu bir meseledir. Dil, sadece bir iletişim aracı olmanın ötesinde, insanlığın manevi hafızasını, kültürel kodlarını ve dünya görüşünü taşıyan temel bir değer olarak öne çıkar. Bu bağlamda, ulusal dil politikası ile gündelik dil kullanımı arasındaki uyumsuzluk, bireyin içsel bütünlüğünü ve toplumsal uyumu etkileyen önemli bir faktör olarak değerlendirilmektedir. Bu çalışma, Abel Polese tarafından ortaya konulan formel ve enformel dil pratiklerini karşılaştırma yaklaşımına dayanarak, Kazakistan ve Malezya'daki dil politikalarını literatür incelemesi temelinde analiz etmektedir. Araştırma bulguları, her iki ülkede de resmi dil politikalarının ulusal birliği güçlendirmeyi amaçladığını; ancak pratikte baskın dillerin sosyal ve mesleki alanlarda daha etkili olduğunu göstermektedir. Bu durum, devlet dilinin sembolik statüsü ile günlük hayattaki kullanım düzeyi arasındaki farkı açıkça ortaya koymaktadır. Sonuç olarak, dilin yalnızca hukuki bir düzenleme değil, aynı zamanda manevi-etik sorumluluk ve vatandaşlık kimliğinin inşasında belirleyici bir unsur olduğu anlaşılmaktadır.

**Anahtar kelimeler:** dil politikası, resmî dil, gayriresmî dil, kimlik, Kazak dili, Malay dili, dilsel varlık.

**Кіріспе**

Тіл саясаты мен тілдік практика арасындағы алшақтық – қазіргі көпэтносты мемлекеттердегі өзекті ғылыми және әлеуметтік мәселе. Бірқатар жас мемлекеттер ортақ мемлекеттік тілді нығайту арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға тырысады (Paranjit & Aspalila, 2024: 7). Алайда, өмірде бұл ресми саясат пен қоғамдағы нақты тілдік қолданыстың үнемі сәйкесе бермеуі әлеуметтік теңсіздікке және қарым-қатынаста қиындықтарға әкелуі мүмкін. Мысалы, посткеңестік кеңістікте символдық маңызға ие тіл саясаты тарихи күшті тілдерге қарсы тұруда көбіне ритуалды қадамдармен шектеліп, күтілген нәтижені бермеуі мүмкін (Smagulova, 2021: 267).

Осыған орай, зерттеу сұрағын былай тұжырымдалды: Қазақстан мен Малайзияда мемлекеттік тіл саясаты мен күнделікті тілдік тәжірибелер арасында қандай алшақтық бар және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?

Зерттеудің мақсаты – Abel Polese сипаттаған ресми және бейресми тіл кеңістігі тұрғысынан екі елдегі тіл саясаты мен практикасының ара-қатынасын әдебиеттерге сүйене отырып салыстырмалы талдау.

Бұл мәселенің ғылыми маңызы – тіл саясатының тиімділігін бағалап, ұлт бірлігін нығайтудағы кедергілерді анықтау болса, әлеуметтік маңызы – тіл жөніндегі ресми ұстаным мен халықтың шынайы қажеттіліктері арасындағы үйлесімділікті табуға ықпал етуінде.

**Зерттеу әдістері**

Зерттеу форматы Қазақстан мен Малайзиядағы тіл саясаты мен тілдік практика тақырыбындағы ғылыми еңбектер басты нысана ретінде талданды. Негізгі теориялық негіз ретінде Abel Polese әзірлеген «ресми» және «бейресми» тілдік кеңістікті ажырату әдістемесі алынды. Polese ресми және күнделікті бейресми тіл қолданыстарын салыстыру арқылы мемлекеттік саясат пен халық практикасы арасындағы қайшылықтарды сапалы

түрде зерттеген. Оның Одесса қаласындағы зерттеуі мемлекет белгілеген тіл нормаларына қоғамның бейресми қарсы тұра алатынын айқын көрсетті: украин тілінің ресми тіл мәртебесіне қарамастан, қалада орыс тілі кеңінен қолданылады және бұл құбылыс тұрғындардың күнделікті тілдік таңдауында көрінеді. Полезе ұсынған «күнделікті өмір» әдістемесі бойынша, тілдік саясатқа халықтың қарсылығы ашық саяси алаңда ғана емес, сондай-ақ бейресми деңгейде, көзге көрінбейтін түрде жүруі мүмкін (Polese et al., 2018: 273). Осы тәсілді басшылыққа ала отырып, зерттеуде екі ел бойынша заңнамалық актілер, халық санағы деректері және социолингвистикалық зерттеулер нәтижелері талданды. Әдебиеттерді іріктеу барысында академиялық мақалалар мен монографиялар басшылыққа алынды, атап айтқанда, Орталық Азиядағы тіл жоспарлау (Paramjit & Aspalila, 2024: 4). Оңтүстік-Шығыс Азиядағы тіл саясаты бойынша жұмыстар қарастырылды. Зерттеу әдісі ретінде салыстырмалы талдау қолданылып, Қазақстан мен Малайзиядағы ресми құжаттар (Конституциялар, тіл туралы заңдар) мен нақты тілдік жағдайларды сипаттайтын эмпирикалық деректер салыстырылды (Gill, 2005: 251). Полезе әдіснамасы шеңберінде ресми дискурс пен бейресми практика межесін айқындау үшін әр елдің қоғамдық (ресми) және жеке (бейресми) коммуникация салаларындағы тіл қолданысының үлгілері жүйеленді (Polese et al., 2018: 271).

### Нәтежелері және талқылау

*Қазақстанның тарихи контексті.* Қазақстан – кең байтақ, көпэтносты мемлекет, қазақтар мемлекеттің байырғы тұрғындары ретінде саналады. Жалпы қазақ этносын қалыптастырушы негізгі фактордың бірі - осы тіл болған (Есім, 2012: 8). Кеңес дәуірінің тілдік саясатының салдарынан қазақ тілі өзінің қоғамдық және әкімшілік кеңістіктегі рөлінен айрылып, орыс тілі үстемдікке ие болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақ тіліне «мемлекеттік тіл» мәртебесі беріліп, оны барлық салада қолдану күшейтіле бастады. 2021 жылғы халық санағы нәтижесінде халықтың 80,1%-ы қазақ тілін меңгергенін мәлімдесе де, оның күнделікті қолданыс деңгейі (49,3%) ресми саясат пен шынайы тілдік практика арасындағы алшақтықты айқындайды (Ұлттық халық санағының нәтижелері, 2021). Білім беру жүйесінде қазақ тіліндегі мектептер мен бөлімдердің үлесі артып келе жатқаны байқалады: 2022/23 оқу жылында жоғары оқу орындарындағы студенттердің 60,3%-ы қазақ тілінде білім алды (Smagulova, 2021: 266-269).

*Малайзияның тарихи контексті.* Малайзия – көпэтносты мемлекет, халқының шамамен 69%-ын малайлар, 23%-ын қытайлар және 7%-ын үнділер құрайды. Малай тілі (Bahasa Melayu) — елдің ұлттық және мемлекеттік тілі ретінде конституцияда бекітілген. Алайда, ағылшын тілі тарихи отарлық мұра ретінде әкімшілік, ғылым және іскерлік салада кеңінен қолданылады. Малайзияда мемлекеттік мектеп жүйесінде барлық этностар үшін Bahasa Melayu пәні міндетті болып табылады, ал SPM (Sijil Pelajaran Malaysia) сияқты ұлттық емтихандарда малай тілінен баға талап етіледі (Othman et al., 2024: 12). Сонымен қатар, кейбір жағдайларда азаматтық алу процесінде немесе мемлекеттік қызметке орналасу үшін малай тілін меңгеру міндетті саналады. Бұл тілдік талаптар малай тіліне символдық қана емес, сонымен бірге біріктіруші және азаматтыққа қатысты құрал ретінде қарауға мүмкіндік береді.

*Тіл саясатының негізгі бағыттары.* Екі ел де ұлттық бірегейлікті нығайту үшін тәуелсіздік кезеңінде тіл саясатын түбегейлі қайта құрудан бастады. Қазақстанда 1990-жылдардан бастап қазақ тілін мемлекет тірегі ретінде орнықтыру мақсат етілді. Қазақстан Конституциясына сәйкес, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие, ал орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде (кейіннен *ресми тіл* мәртебесінде) қолданылады (Terbergen et al., 2023: 43), XX ғасырдың 30-ншы жылдарында мәжбүрлі түрде күштеп енгізілді (Fierman, 2009: 1211). Тіл туралы 1997 жылғы заң және кейінгі бағдарламалар қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтіп, оны мемлекеттік басқару, білім беру және бұқаралық ақпарат құралдарына енгізуді көздеді. Дегенмен, Қазақстан көпэтносты ел болғандықтан және тұрғындардың

едәуір бөлігі орыс тілін ана тілі немесе екінші тіл ретінде қолданатындықтан, үкімет тіл саясатын біржақты монотілді етумен шектелмей, көптілділік идеологиясын да қабылдауға мәжбүр болды. Мәселен, 2007 жылы басталған «Үштілділік» жобасы қазақ тілімен қатар орыс тілі мен ағылшын тілінің дамуына көңіл бөлді; құжаттар бойынша ағылшын тілі «дүниежүзілік экономикаға кірігу тілі» ретінде арнайы мәртебе алды (Tleperbergen et al., 2023: 43).

Малайзияда 1957 жылы тәуелсіздік алған соң, көптілді қоғамды біріктіру үшін малай тіліне басымдық берілді. 1963 жылғы Федерация құрылуымен бекітілген Конституцияның 152-бабында малай тілі мемлекеттік ұлттық тіл болып жарияланды (Federal Constitution of Malaysia (Article 152)). Ағылшын тіліне он жылдық өтпелі кезең беріліп, 1967 жылдан кейін барлық ресми коммуникацияны малай тіліне көшіру жоспарланды. Шынында да, 1967 жылы «Ұлттық тіл туралы заң» қабылданып, малай тілі жалғыз ресми тіл және барлық мемлекеттік мектептердің оқу тілі болып бекітілді (Paramjit & Aspalila, 2024: 6). Аталған заң түрлі этнос өкілдерінің алаңдаушылығын ескеріп, белгілі бір өтпелі ережелерді қамтыды. Атап айтқанда, мемлекеттік органдар қажет деп тапса, ресми құжаттардың басқа тілдердегі аудармаларын пайдалана алатыны және Ян ди Пертуан Агонг патшаның рұқсатымен ағылшын тілін кейбір ресми мақсаттарда қолдануды жалғастыру мүмкіндігі қарастырылды (Kaur & Sharifi, 2024). Бұл Малайзия үкіметінің бір жағынан *біртілді ұлттық саясатты* орнықтыруға тырысқанын, екінші жағынан *практикалық икемділікке* жол қалдырғанын көрсетеді.

*Нақты тілдік тәжірибелер және алиақтықтар.* Қазақстанда мемлекеттік тіл саясатының нәтижесінде қазақ тілін меңгергендердің үлесі артты: 2009 жылғы халық санағы бойынша респонденттердің ~65%-ы қазақша еркін оқып-жаза алатынын мәлімдеген болатын (Paramjit & Aspalila, 2024: 2-4). 2021 жылғы ұлттық санақ мәліметтері бұл көрсеткіштің айтарлықтай өскенін, яғни халықтың 80,1%-ы қазақ тілін меңгергенін көрсетті (Ұлттық халық санағының нәтижелері, 2021). Мемлекеттің оңтүстігі мен батысында қазақ тілі басым қолданыста. Дегенмен, ресми мәліметтерден көрінетін бұл жетістіктерге қарамастан, шынайы коммуникацияда орыс тілінің ықпалы әлі де күшті. Ел астанасы мен солтүстігінде, сондай-ақ ірі қалаларда орыс тілі де-факто кеңсе тілі қызметін атқарады, барлық заңдық құжаттар мен ресми хабарламалар қазақ және орыс тілдерінде қатар әзірленеді. Қазақ және орыс тілдерінің қоғамдағы рөлі сараланған зерттеулер әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің тілдік белгі бойынша байқалатынын көрсетті: қазақ тілін ғана жетік меңгерген азаматтар арасында білім және кіріс деңгейі төмендеу, ал орыс тілін жақсы білетіндер экономикалық тұрғыда ұтымды позицияда тұрғаны жайлы стереотип бар. Яғни, Қазақстан жағдайында орыс тілі кәсіби мүмкіндіктер тіліне айналып, тек қазақ тілінде білім алғандар еңбек нарығында кейбір қиындықтарға жолығуы мүмкін деген пікірлер де бар. Сонымен бірге, кейінгі жылдары ағылшын тіліне сұраныс өсіп, әсіресе жастар арасында ағылшынша үйрену белсенді жүріп жатыр, бұл «үштілділік» саясатымен де ұштасады. Бірақ бұл да тілдік жіктелісті күшейтуі ықтимал: қала элитасы үш тілді еркін меңгерсе, ауылдық аймақтағы қазақтілді аудитория үшін ағылшын/орыс тілі қолжетімділігі төмендеу болуы мүмкін (Paramjit & Aspalila, 2024: 8).

Малайзияда да ресми саясат пен күнделікті тәжірибе арасында белгілі бір қайшылықтар орын алды. 1967 жылдан соң заң жүзінде барлық ресми кеңістік малай тіліне көшкенімен, ағылшын тілінің қоғамдағы маңызы бірден жойылған жоқ. Ағылшын тілі он жыл бойы (1957–1967) екінші ресми тіл ретінде қолданылып қана қоймай, одан кейін де білім беру мен іскерлік салада кең қолданыста қала берді. 1970-жылдардан бастап жоғары білім мен ғылымда малай тілін жетекші етуге күш салынғанымен (ұлттық университеттерде малайша оқыту), іс жүзінде көптеген техникалық және медициналық мамандықтар бойынша ағылшын тілі негізгі оқыту тілі ретінде сақталды (шетелдік әдебиеттің қолжетімділігі үшін). 2003 жылы жаһандану үрдісіне бейімделу мақсатында үкіметтің өзі жалпы білім беруде маңызды өзгеріс енгізді: жаратылыстану ғылымдары мен

математиканы мектепте ағылшынша оқыту саясатында бекітілді (Paramjit & Aspalila, 2024: 5). Бұл қадам ұлттық тіл саясаты бағытының «кері бұрылғандай» әсер қалдырды, кей зерттеушілердің сипаттауынша, Малайзияда тіл саясаты маятниктей тербеліп, ұлтшылдық мүддесінен экономикалық жаһандану қажеттілігіне қайта ауысты (Rahman & Singh, 2021: 44). Нәтижесінде ағылшын тілінің қоғамдағы фактілік мәртебесі қайта мойындалды. Зерттеулер көрсеткендей, тіпті ең қатаң малайландыру кезеңінде де ағылшын тілінің престижі Малайзияда жоғалмаған – ол білім беру мен бизнес сияқты маңызды домендерде әрі қарай кеңінен қолданылды. Бүгінде Малайзия тұрғындарының басым көпшілігі малай тілін меңгергенімен (әр түрлі этностар үшін ортақ тіл), іс жүзінде екітілділік құбылысы кең тараған: мемлекеттік және қоғамдық өмірде мемлекеттік малай тілі үстемдік етсе, жеке секторда, жоғары технологиялар мен жоғарғы білімде ағылшын тілі сұранысқа ие. Мысалы, Малайзияның ғылыми-зерттеу, халықаралық сауда қатынастарында құжаттар мен келіссөздер жиі ағылшын тілінде жүреді, ал тұрмыстық деңгейде халық ағылшын сөздерін малай тіліне араластырып қолданатын “*Manglish*” деген құбылыс та қалыптасқан. Сонымен қатар, қытай және тамил тілдері де белгілі салаларда (негізінен отбасы, мәдени шаралар, кейбір мектептер) қолданылады, яғни заңмен реттелмеген бейресми кеңістікте көптілділік өмір сүре береді (Hashim, 2009: 44).

**Ұқсастықтар мен айырмашылықтар.** Қазақстан мен Малайзия тәжірибелерінде ортақ ұқсастық – екеуі де тарихи отарлық тілдің (орыс тілі, ағылшын тілі) күшті ықпалынан шығып, ұлттық мемлекеттік тілді үстем ету мақсатын қойды. Екі ел де тіл арқылы *ұлтты ұйыстыру идеологиясын* жүргізді және бұл үшін статусты жоспарлау, корпус жоспарлау, білім саласындағы реформалар іске асты (Smagulova, 2021: 268). Сондай-ақ, қос мемлекетте де қоғам шындығы көптілді: ресми біртілді саясат декларацияланғанмен, көпэтносты халық өз ана тілдерін немесе ағылшын/орыс тілдерін күнделікті өмірде пайдалануды жалғастыруда. Бұл көптілді ахуалға екі ел үкіметтері тыйым салмаған: Қазақстанда орыс тіліне Конституциямен ресми мәртебе берілсе, Малайзияда заң жүзінде ағылшын мен басқа этностар тілдерін бейресми қолдануға тыйым салынбай, керісінше олардың белгілі деңгейде сақталуына кепіл берілген (Конституцияның 152-бабының арнайы тармақтары). Алайда, екі жағдайдың айырмашылықтары да бар. Біріншіден, Қазақстан ресми түрде қостілділікті (қазақша-орысша) және одан ары *үштілділікті* қолдайтын модельге өтті (Tepbergen et al., 2023: 45), ал Малайзия ресми біртілді (малай тілі) моделін ұстанады, ағылшын тіліне заңмен ресми статус берілмеген (тек шектеулі өтпелі кезеңде пайдаланылды). Екіншіден, тарихи-демографиялық жағдайынан туындайтын ерекшелік: Қазақстанда қазақ тілі мәжбүрлі түрде ысырылып, доминант тіл - орыс тілі болғандықтан тіл саясатында қалпына келтіру және үйрету міндеті тұрды. Ал Малайзияда малай тілі бұрыннан негізгі этнос – малайлардың ана тілі болған әрі халықтың көпшілігі ол тілді білетін, сол себепті саясат тілді кеңейту және жаңғырту түрінде жүргізілді. Үшіншіден, тіл саясатының қоғамдағы салдары әртүрлі: Қазақстанда тілдік алшақтық көбіне қазақ және орыс тілді топтардың әлеуметтік айырмасына (білім, кіріс, мәртебе тұрғысынан) алып келсе, Малайзияда малай тілін күштеп еңгізу бастапқыда ағылшын тілінде білім алған топтардың алаңдаушылығын туғызды, бірақ уақыт өте келе көпшілік қос тілді меңгергендіктен, қоғамда тілге қатысты жіктелу ұлтаралық сипаттан гөрі қала-ауыл немесе әлеуметтік таптық сипат алуда, яғни ағылшын тіліне жетік элита мен тек малай тілімен шектелген ауыл тұрғындары айырмасы көзге көрінеді. Төртіншіден, Қазақстанда орыс тілінің басымдығы әлі де сақталуына байланысты қазақ тілі көбінесе *символдық мемлекетшіл рөлмен* шектеліп отырғаны айтылса (Smagulova, 2021: 267), Малайзияда малай тілі шын мәнінде мемлекеттік басқару мен күнделікті тұрмыста үстем орын алған (барлық мемлекеттік қызметте міндетті), яғни іс жүргізуде толығырақ іске асқан. Дегенмен, Малайзия жағдайында да ағылшын тілі экономикалық мүмкіндіктер тілі мәртебесін сақтап отыр, бұл ұқсас құбылыс: екі елде де жаһандану дәуірінде ағылшын тілі жоғары білім мен

бизнес үшін ортақ қажетті құралға айналғанын мойындауға тура келді (Kurmanalyieva, & Kogabayeva, 2024: 61-76).

Төмендегі кестеде Қазақстан мен Малайзиядағы мемлекеттік тіл, білім беру тілі және заңнамалық негіздер тұрғысынан тіл саясатының формалды құрылымы салыстырмалы түрде көрсетілген.

**1-кесте. Қазақстан мен Малайзиядағы тіл саясатының формалды-құқықтық негіздерін салыстыру**

Критерий	Қазақстан	Малайзия
Мемлекеттік тіл	Қазақ тілі	Малай тілі
Отарлық кезеңдегі үстем тіл	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Ресми қостілділік	Қазақ және орыс тілдері	Жоқ (бірақ бейресми ағылшын тілі кең таралған)
Үштілділік саясаты	Қазақ, орыс, ағылшын	Жоқ (бірақ ағылшын тілі маңызды роль атқарады)
Білім беру тілі	Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (оқу орындарына байланысты)	Малай, ағылшын, қытай, тамил тілдерінде (мектеп түріне байланысты)
Заңнамалық бекіту	Конституция, 1997 ж. Тіл туралы заң, үштілділік бағдарламасы	Конституция (152-бап), 1967 ж. Ұлттық тіл туралы заң

Келесі кестеде екі елдегі тілдердің қалалық және ауылдық ортада, білім беру мен әлеуметтік-экономикалық салаларда бейресми қолданысындағы айырмашылықтар айқын көрініс тапқан.

**2-кесте. Қазақстан мен Малайзиядағы тілдердің бейресми әлеуметтік қолданыс ерекшеліктері**

Критерий	Қазақстан	Малайзия
Қалалық ортада қолданылатын тіл	Орыс тілі	Малай және ағылшын тілдері
Ауылдық ортада қолданылатын тіл	Қазақ тілі	Малай тілі
Жоғары білім беру тілі	Қазақ және орыс, ағылшын тілдері	Малай және ағылшын тілдері
БАҚ-та қолданылатын тілдер	Орыс тілі басым, қазақ тілі артта	Малай және ағылшын тілдері қатар
Әлеуметтік беделге ие тіл	Ағылшын және орыс тілдері	Ағылшын тілі
Экономикалық саладағы тіл	Орыс және ағылшын тілдері	Ағылшын тілі

Мемлекеттік тілдерді сертификаттау: қазақ және малай тілдеріне қатысты талаптар. Қазақстан: KAZTEST жүйесі. Қазақстанда мемлекеттік тілді (қазақ тілін) меңгеру деңгейін бағалау үшін KAZTEST жүйесі енгізілген. Бұл жүйе Еуропалық тіл меңгеру стандарттарына (CEFR) негізделіп жасалған және А1–С1 деңгейлері бойынша қазақ тілін меңгеру қабілетін тексереді (Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау үшін KAZTEST жүйесі).

KAZTEST тапсыру міндетті:

- Мемлекеттік қызметке үміткерлер үшін;
- "Болашақ" бағдарламасына қатысушылар үшін;
- Докторантураға түсушілер үшін;
- Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін;
- Назарбаев Зияткерлік мектептері мен Назарбаев Университеті оқытушылары мен студенттері үшін.

Малайзия: Bahasa Melayu бойынша құзыреттілікті бағалау: ЖОО деңгейінде Bahasa Melayu құзыреті көбіне институционал плейсмент/құзырет емтихандары арқылы өлшенеді; мысалы, ИУМ-дағы Malay Proficiency Test (MPT) ресми мектеп біліктілігі (SPM/STPM) жоқ немесе жеткіліксіз студенттердің деңгейін айқындап, кейбір міндетті тіл курстарынан босату мәселесін шешуге пайдаланылады (Малайзия халықаралық ислам университеті). Ұлттық деңгейде SPM (Sijil Pelajaran Malaysia) – 17–18 жаста тапсырылатын жоғары маңыздағы мектеп бітіру емтиханы әрі кейінгі оқу/мамандыққа «кіріс» біліктілік ретінде қызмет етеді (Ong, 2010: 95).

Азаматтық (натурализация) контекстінде Федералдық Конституция малай тілін жеткілікті білу талабын бекітеді; бұл құзырет әкімшілік деңгейде уәкілетті органдар өткізетін BM-бағалау рәсімдерімен тексеріледі. Мұндағы бағалау SPM-мен теңестірілмейді, ол – бөлек құқықтық талап (Nik Saleh, Abdul Shukor, & Wan Ismail, 2021: 107).

Кәсіби лицензиялау саласында (мыс., адвокатура) кандидаттар Bahasa Malaysia бойынша біліктілікті BMQE емтиханы арқылы дәлелдейді; SPM-дегі BM “credit” – дәл осы BMQE-ден босатудың бір шарты ретінде қолданылады (Ong, 2010: 98).

Малай тілін меңгеруді растау патриоттық және біріктіруші құндылық ретінде қаралады. Бұл тіл елдің егемендігі мен тәуелсіздігінің символы ретінде қарастырылады (Subakir et al., 2023: 1091).

Жоғарыда келтірілген нәтижелер Қазақстан мен Малайзиядағы тіл саясаты мен практика арасында күрделі өзара қатынас бар екенін көрсетеді. Амбиваленттілік – осы қатынасты сипаттайтын негізгі ұғымдардың бірі. Амбиваленттілік мемлекеттік деңгейде де, қоғамдық сана деңгейінде де байқалады. Мемлекеттер ресми түрде бір тілді ұран етіп көтергенімен, іс жүзінде өз саясатына өзі толық сенімді бола алмай, қажет жағдайда кері шегіну қадамдарын жасауы, яғни Малайзияның 2003 жылғы шешімі немесе Қазақстанның орыс тілін ресми мойындауы да соның дәлелі іспеттес (Paramjit & Aspalila, 2024: 7). Бұл ресми риторика мен прагматикалық реализм арасындағы тербелісті көрсетеді. Қоғам деңгейінде қарасақ, қарапайым халық та амбивалентті: бір жағынан, ұлттық тілге құрметпен қарап, оны ұлттық болмыстың символы деп қабылдайды; екінші жағынан, күнделікті өмірде тиімді коммуникация мен кәсіби жетістік үшін өзге тілдерді пайдалануды жөн көреді. Мысалы, көптеген қазақ азаматтары қазақ тілін елдіктің нышаны санай тұра, қала өмірінде немесе бизнес жүргізгенде орыс тілінің ыңғайлы екендігін мойындайды; ал Малайзияда малайлар да мемлекеттік тілді мақтан етсе де, өз балаларының ағылшын тіліне жетік болғанын қалайды – өйткені жаһандық экономикада ағылшын тілі құнды.

Тілдің символдық рөлі осы амбиваленттіліктің кілті болып табылады. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлтты біріктірудің, егемендік пен дербестіктің белгісі. Қазақстанда қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру – кеңестік өткенмен айырысып, жаңа ұлттық бірегейлікті құрудың символдық актісі болды. Сол сияқты, Малайзияда малай тілін жоғары дәрежеге көтеру – отарлық билік пен этносаралық бөлінулерден кейін ортақ

«малайзиялық» бірегейлікті қалыптастырудың амалы болды. Дегенмен, символдық капиталды арттыру әрдайым тілдің нақты қолданысын арттырумен қабаттаса бермейді. Smagulova (2021) атап өткендей, Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында қазақ тілінің символикалық құндылығы өссе де, орыс тілді қазақтарды қазақша сөйлету үрдісі қарқын алмады, өзге ұлт өкілдері арасында да қазақ тілі кең таралмады. Бұл құбылысты Малайзия тәжірибесі де жанамалай растайды: малай тілі мемлекеттік секторда толық үстемдікке ие болғанмен, жеке жоғары ақы төленетін салаларда ағылшын тілі позициясын сақтап қалды (Rahman, & Singh, 2021: 39). Яғни, тілдің саяси-дербестік символ ретіндегі рөлі мен оның қоғамдағы утилитарлық құндылығы арасында айырмашылық туындайды. Символдық маңыз көп жағдайда идеология және легитимация функциясын атқарады – мемлекет тіл арқылы биліктің бірзділігін, халықтың бірлігін көрсеткісі келеді. Бірақ нақты өмірдегі көптілділік пен нарық талабы бұл символиканың шегін айқындап береді.

Тілдің әлеуметтік-кәсіби кеңістіктегі қызметі де назар аударарлық. Қазақстан мен Малайзияда да жоғары мәртебелі қызметтер мен урбанизацияланған орталарда қоғам дәстүрлі түрде күштірек болған екінші тілді игеруге бейім. Қазақстанда кеңестік дәуірден бері қалыптасқан элитаның орыс тілін жетік білуі олардың әкімшілік, ғылыми салаларда үстем болуын қамтамасыз етті; қазіргі кезде ағылшын тілі де осындай «элиталық сүзгі» қызметін атқарып отыр. Үш тілді еркін меңгерген қазақ жастары халықаралық компанияларда, жоғары технологиялық салаларда табыстырақ орналасуда, ал монотілді (қазақтілді) азаматтардың мүмкіндіктері азырақ болуы ықтимал (Smagulova, 2021: 267-269). Малайзияда ұзақ уақыт бойы малай тілін білу мемлекеттік секторда жұмыспен қамтылудың алғышарты болса, ағылшын тілін білу жекеменшік секторда және ғаламдық нарықта табысқа жетудің шешуші факторы болды (Rahman, & Singh, 2021: 42). Бұл екі елде де қостілді кадрлардың артықшылыққа ие болатынын көрсетеді. Социолінгвистикалық деректер Малайзияда ағылшын тілін жақсы меңгерген түлектердің жұмыспен оңай қамтылатынын, ал ауылдық жердегі тек малай тілінде білім алған жастардың қалалық ағылшын тілін талап ететін жұмыс орындарында бәсекеге түсуі қиын екенін меңзейді. Сол себепті Малайзия үкіметі 2010 жылдары «Memartabatkan Bahasa Melayu & Memperkukuh Bahasa Inggeris» (Малай тілінің мәртебесін көтеру және ағылшын тілін күшейту) атты қос қырлы бағдарлама қабылдап, мемлекеттік тілді ұлықтау мен ағылшын тілін оқытуды қатар алып жүрді. Мұның өзі тіл саясатының ішкі қайшылығын көрсеткенімен, шын мәнінде қоғам қажеттілігіне бейімделудің амалы болатын (Kucherbayeva, & Smagulova, 2024: 174).

Жалпы алғанда, Абел Полезе сипаттаған ресми ↔ бейресми кеңістік дихотомиясы Қазақстан мен Малайзия мысалында айқын көрініс тапты. Ресми деңгейде тіл туралы заңдар, бағдарламалар және ұрандар қалыптасқан «ыстық» ұлттық идеологияны білдірсе, бейресми деңгейде халық күнделікті коммуникацияда өзіне ыңғайлы «суық» прагматикалық таңдауын жасауды жалғастыра береді. Полезе бұл құбылысты Одесса қаласының үлгісінде «мемлекеттік талаптарға бейімделмеудің бейресми жолы» деп сипаттайды (Polese et al., 2018: 271). Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тіл саясаты мен оның жүзеге асу практикасы арасындағы алшақтық тек Қазақстан мен Малайзияға ғана тән емес, ол көпэтносты және көптілді барлық қоғамдарда кездесетін құбылыс. Ең бастысы осы алшақтықты кемітудің жолдарын табу: ол үшін ресми саясатты әлеуметтік шындыққа икемдеу, бейресми тілдік тәжірибені есепке ала отырып саясат жүргізу қажет. Мысалы, Қазақстан жағдайында қазақ тілін білуді талап етумен қатар, оны білуді ынталандыру және қолжетімді ету стратегиялары күшейтілуі керек (сапалы қазақ тілді білім беру, қазақ тілінің экономикалық құндылығын арттыру т.б.), ал Малайзияда малай тілімен бірге ағылшын тілін меңгерту тетіктері тиімді баланста ұсталуы тиіс екені осы салыстырмалы талдау арқылы аңғарылады.

Қорытындылай келе, тіл саясаты мен нақты практика арасындағы алшақтық – мемлекетке де, қоғамға да сын. Қазақстан мен Малайзияның тәжірибесі көрсеткендей, тіл – әрі символ, әрі құрал: символ ретіндегі қызметі біріктіру үшін маңызды болса, құрал

ретіндегі қызметі күнделікті коммуникация мен даму үшін қажет. Тіл саясаты осы қос қырлы рөлді ескере отырып жасалғанда ғана тиімді болмақ. Екі елдегі ахуалды салыстыру нәтижесінде тілдің тек саяси шешімдермен өмірге енбейтінін, оны қоғамның өзі бейімдеп, өз қажетіне қарай іріктеп қолданатынын көрдік. Бұл тұжырым болашақ зерттеулерде тіл саясатын жоспарлауда «төменнен жоғары» (bottom-up) көзқарастарды, яғни халықтың тілдік ұстанымын және бейресми тәжірибесін міндетті түрде есепке алу керектігін қуаттайды (Polese et al., 2018: 266). Сонымен, Абел Полезе әдістемесіне сүйенген осы салыстырмалы шолу Қазақстан мен Малайзия мысалында тіл саясатының табысы көбінесе қоғамның оны күнделікті өмірде қалай қабылдауы және қалай жүзеге асыруымен тікелей байланысты екенін дәлелдейді.

### **Қорытынды**

Бұл зерттеу Қазақстан мен Малайзияның тіл саясаты мен тілдік практика арасындағы қатынасты салыстырмалы түрде талдау арқылы көпэтносты мемлекеттердегі тілдік алшақтық феноменін жан-жақты көрсетуге бағытталды. Абел Полезе әдістемесіне сүйене отырып, ресми және бейресми тілдік кеңістікті ажырату арқылы екі елдегі тіл саясаты мен күнделікті коммуникация арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар анықталды. Зерттеу барысында мына негізгі қорытындылар алынды:

Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы тәуелсіздік алғаннан кейінгі басты стратегиялық қадамдардың бірі болды. Кеңес дәуірінде орыс тілінің үстемдігі елдің ресми және қоғамдық кеңістігінде қалыптасқан, бұл қазақ тілінің күнделікті қолданылуын шектеген еді. Мемлекеттік тілге берілген ресми мәртебе – тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың символдық актісі болып табылады. Дегенмен, ресми саясаттың күші қоғамдағы нақты тілдік практикамен әрдайым сәйкес келе бермейді: қала ортасында және кәсіби салада орыс тілінің үстемдігі сақталған.

Малайзияда малай тілі тарихи этнос – малайлардың ана тілі ретінде қоғамда қалыптасқан. Тәуелсіздік алғаннан кейін малай тілін мемлекеттік тіл ретінде күшейту, ұлттық бірегейлікті нығайтуға және этностар арасындағы ортақ коммуникацияны қалыптастыруға бағытталды. Алайда, ағылшын тілі тарихи колониялық мұра ретінде білім беру, ғылым және іскерлік салаларда өз орнын сақтады. Бұл жағдайда да ресми саясат пен бейресми практика арасындағы амбиваленттілік байқалады.

Абел Полезе сипаттаған ресми ↔ бейресми дихотомия Қазақстан мен Малайзияда айқын көрініс тапты. Ресми деңгейде заңдар, конституциялық нормалар, мемлекеттік бағдарламалар ұлттық тілдің мәртебесін белгілеуге бағытталған. Қазақстанда бұл – Конституция, 1997 жылғы тіл туралы заң, үштілділік бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады, ал Малайзияда Конституцияның 152-бабы мен 1967 жылғы Ұлттық тіл туралы заң осындай функцияны атқарады.

Бейресми деңгейде халық өз тілдік тандауын күнделікті коммуникация үшін прагматикалық тұрғыдан жасайды. Қазақстанда қала ортасында орыс тілі және ағылшын тілі кәсіби және әлеуметтік тұрғыда маңызды, ал Малайзияда малай тілінің үстемдігі байқалса да, ағылшын тілі білім беру мен экономикалық салада сұранысқа ие. Бұл жағдайда екі елде де ресми риторика мен халықтың күнделікті тәжірибесі арасында белгілі бір амбиваленттілік бар, бұл тілдік саясаттың тиімділігін бағалауда ескерілуі тиіс.

Қазақстан мен Малайзия тәжірибелерінде ортақ белгілер ретінде тарихи үстем тілдің ықпалынан шығу және ұлттық тілдің мәртебесін көтеру мақсаты айқын көрінеді. Екі ел де тіл арқылы ұлттық бірлікті нығайтуға ұмтылды, ресми саясаттың құрамдас бөлігі ретінде тілдік нормалар мен бағдарламаларды енгізді. Сонымен қатар, екі елде де қоғам көптілді: ресми біртілділік жарияланғанымен, жеке коммуникацияда азаматтар өз ана тілін, сондай-ақ орыс немесе ағылшын тілін пайдалана береді.

Айырмашылықтары да айқын. Қазақстанда ресми түрде үштілділік қолданылады, орыс тілі Конституциямен ресми мәртебеге ие, ал ағылшын тілі – жаһандық байланыс құралы ретінде қолданылады. Малайзияда ресми біртүлділік (малай тілі) моделін ұстанады, ағылшын тілі тек экономикалық және білім беру саласында практикалық құрал ретінде сақталады. Сонымен қатар, тілдің қоғамдағы рөлін қарастырғанда, Қазақстанда әлеуметтік теңсіздік тілдік деңгейге байланысты көрініс табады, ал Малайзияда тілдік айырмашылықтар негізінен қалалық және ауылдық орталар немесе әлеуметтік таптар арасындағы айырмашылыққа тәуелді.

Екі елде де тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттық бірлікті, егемендікті және мемлекеттік дербестікті білдіретін символдық мәнге ие. Қазақстанда қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесіне көтеру – кеңестік мұрадан айырылып, жаңа ұлттық бірегейлікті құрудың белгісі болды. Малайзияда малай тілін күшейту – колониялық кезеңнен кейін ортақ «малайзиялық» бірегейлікті қалыптастырудың тәсілі.

Сонымен қатар, тіл прагматикалық құрал ретінде экономикалық, кәсіби және білім беру салаларында маңызды рөл атқарады. Қазақстанда орыс және ағылшын тілдерін меңгергендер жоғары мәртебелі қызметтер мен урбанизацияланған орталарда үстемдікке ие болса, Малайзияда ағылшын тілін білетіндер жеке сектор мен жаһандық нарықта кәсіби артықшылық алады. Бұл тіл саясатының тиімділігін бағалағанда, символдық мәртебе мен прагматикалық пайдалану арасындағы балансқа мән беру қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері тіл саясатының тиімділігін арттыру үшін ресми саясатты әлеуметтік шындыққа бейімдеудің қажеттілігін дәлелдейді. Қазақстанда қазақ тілін үйрету мен қолдануды ынталандыру, оның экономикалық құндылығын арттыру стратегиялары маңызды. Малайзияда малай тілін сақтау мен ағылшын тілін меңгеруді теңгерімді жүргізу қажет. Бұл «төменнен жоғары» (bottom-up) тәсіл арқылы халықтың тілдік тәжірибесін есепке ала отырып жасалатын саясаттың тиімділігін көрсетеді.

1. Қазақстан мен Малайзиядағы тіл саясаты мен практика арасындағы алшақтық көпәтносты қоғамдардың табиғи құбылысы болып табылады, ол тек құқықтық нормалармен ғана емес, әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлармен де байланысты.

2. Тіл – бір жағынан символ, екінші жағынан құрал: символ ретіндегі рөлі ұлтты біріктіру үшін, құрал ретіндегі рөлі – күнделікті коммуникация мен кәсіби даму үшін қажет.

3. Ресми саясат пен бейресми практика арасындағы амбиваленттілік екі елде де байқалады, бұл тілдік саясаттың тиімділігін бағалауда ескерілуі тиіс.

4. Қоғамның тілдік таңдауы мен практикалық іс-әрекеті ресми риториканың табыстылығын анықтайды, сондықтан тіл саясатын жоспарлау кезінде халықтың бейресми тәжірибесін есепке алу қажет.

5. Абел Полезе әдістемесіне сүйене отырып жүргізілген салыстырмалы талдау Қазақстан мен Малайзия мысалында тіл саясатының табысы көбіне қоғамның оны күнделікті өмірде қалай қабылдауы мен жүзеге асыруына тәуелді екенін көрсетеді.

Осылайша, зерттеу Қазақстан мен Малайзиядағы тіл саясатының табысы мен шектеулерін түсіндіруде маңызды аналитикалық база қалыптастырды. Болашақ зерттеулерде тілдік саясатты жоспарлауда ресми нормаларды қоғамның нақты тәжірибесімен үйлестіру, көптілділік пен мәдени әртүрлілікті ескере отырып, төменнен жоғары (bottom-up) стратегияларды қолдану ұсынылады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Есім, Ф. (2012). Қазақ елі – Атамекен ренессансы. *Вестник КазНУ Серия "Философия, культурология, политология"*, 41(4), 4-10.

Federal Constitution of Malaysia (Article 152)  
<https://www.sprm.gov.my/admin/files/sprm/assets/pdf/penguatkuasaan/perlembagaan-persekutuan-bi.pdf>

- Fierman, W. (2009). Identity, Symbolism, and the Politics of Language in Central Asia. *Europe-Asia Studies*, 61, 1207 - 1228. <https://doi.org/10.1080/09668130903068731>.
- Gill, S. K. (2005). *Language Policy in Malaysia: Reversing Direction*. *Language Policy*, 4(3), 241–260 [gaexcellence.com](http://gaexcellence.com).
- Hashim, A. (2009). *Not plain sailing: Malaysia's language choice in policy and education*. *AILA Review*, 22(1), 36–51.
- Kaur, P., & Shapii, A. (2024). *Language and Nationalism in Malaysia: A Language Policy Perspective*. *Int. Journal of Law, Government and Communication*, 3(7) [gaexcellence.com](http://gaexcellence.com).
- Kucherbayeva, D., & Smagulova, J. (2023). Language Revitalization: Challenges for Kazakh in Higher Education. *Journal of Eurasian Studies*, 14(2), 166-178. <https://doi.org/10.1177/18793665231189326>
- Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау үшін KAZTEST жүйесі <http://kazakhtest.kz/about-center/>
- Kurmanalyeva A., & Kogabayeva A. (2024). State Policies of Linguistic Homogenization in the Context of National Integration: Global Models and Contemporary Challenges. *Hikmet*, 2(2), 61–76. Retrieved from <https://journals.ayu.edu.kz/index.php/hikmet/article/view/4256>
- Малайзия халықаралық ислам университеті [centre.iium.edu.my](http://centre.iium.edu.my).
- Nik Saleh, N. S. S., Abdul Shukor, S., & Wan Ismail, W. A. F. (2021). Equality and citizenship for women in Malaysia: Where and when? *Malaysian Journal of Syariah and Law*, 9(1), 103–113. <https://doi.org/10.33102/mjssl.vol9no1.265>
- Othman, I. W., Ahmad, M. K. L., & Esa, M. S. (2024). Empowering the sustainability of the Malay language as a communication transmission and element of identity. *International Journal of Law, Government and Communication*, 9(36), 1–15. <https://gaexcellence.com/ijlgc/article/view/1915>
- Ong, S. L. (2010). Assessment profile of Malaysia: High-stakes external examinations dominate. *Assessment in Education: Principles, Policy & Practice*, 17(1), 91–103. <https://doi.org/10.1080/09695940903319752>
- Paramjit Kaur, & Aspalila Shapii. (2024). Language and Nationalism in Malaysia: A Language Policy Perspective. *International Journal Of Law, Government And Communication (IJLGC)*, 3(7), 1-10. Retrieved from <https://gaexcellence.com/ijlgc/article/view/1915>.
- Polese, A., Urinbojev, R., Kerikmae, T., & Murru, S. (2018). Negotiating Spaces and the Public–Private Boundary: Language Policies Versus Language Use Practices in Odessa. *Space and Culture*, 22(3), 263-279. <https://doi.org/10.1177/1206331218799021>.
- Rahman, M. M., & Singh, M. K. M. (2021). English and Malay language policy and planning in Malaysia. *Training, Language and Culture*, 5 (4), 36-46.
- Smagulova, J. (2021). When language policy is not enough. *International Journal of the Sociology of Language*, 2021, 265-269. <https://doi.org/10.1515/ijsl-2020-0101>.
- Subakir, M.N., Rosli, N. A. M., & Abdullah, R. (2023). Malay language as the state emblem of Malaysia. *International Journal of Academic Research in Business and Social Sciences*, 13(7), 1083–1096.
- Tlebergen, D., Akzhigitova, A., & Zabrodskaia, A. (2023). Bottom-Up Approach to Language Policy and Planning in Kazakhstan. *Societies*, 13(2), 43. <https://doi.org/10.3390/soc13020043>.
- 2021 жылғы Ұлттық халық санағының нәтижелері <https://stat.gov.kz/en/national/2021/>

## REFERENCES

- Esim, G. (2012). Kazak eli – Atameken renessansy. [Kazakh Nation – Atameken Renaissance]. *Vestnik KazNU. Seriya «Filosofiya, kulturologiya, politologiya»*, 41(4), 4-10. (In Kazakh).
- Federal Constitution of Malaysia (Article 152) <https://www.sprm.gov.my/admin/files/sprm/assets/pdf/penguatkuasaan/perlembagaan-persekutuan-bi.pdf> (In English).
- Fierman, W. (2009). Identity, Symbolism, and the Politics of Language in Central Asia. *Europe-Asia Studies*, 61, 1207 - 1228. <https://doi.org/10.1080/09668130903068731> (In English).
- Gill, S. K. (2005). *Language Policy in Malaysia: Reversing Direction*. *Language Policy*, 4(3), 241–260 [gaexcellence.com](http://gaexcellence.com) (In English).
- Hashim, A. (2009). *Not plain sailing: Malaysia's language choice in policy and education*. *AILA Review*, 22(1), 36–51. (In English).
- Kaur, P., & Shapii, A. (2024). *Language and Nationalism in Malaysia: A Language Policy Perspective*. *Int. Journal of Law, Government and Communication*, 3(7) [gaexcellence.com](http://gaexcellence.com) (In English).

Kucherbayeva, D., & Smagulova, J. (2023). Language Revitalization: Challenges for Kazakh in Higher Education. *Journal of Eurasian Studies*, 14(2), 166-178. <https://doi.org/10.1177/18793665231189326> (In English).

Kazak tilin meңgeru deңgeyin baғalau üşin KAZTEST jüyesi. [KAZTEST System for Assessing Kazakh Language Proficiency]. <http://kazakhtest.kz/about-center/> (In Kazakh).

Kurmanalyieva A., & Kogabayeva A. (2024). State Policies of Linguistic Homogenization in the Context of National Integration: Global Models and Contemporary Challenges. *Hikmet*, 2(2), 61–76. Retrieved from <https://journals.ayu.edu.kz/index.php/hikmet/article/view/4256> (In English).

Malayziya halyqaralyq islam universiteti. [International Islamic University Malaysia]. <centre.iiu.edu.my> (In Kazakh).

Nik Saleh, N. S. S., Abdul Shukor, S., & Wan Ismail, W. A. F. (2021). Equality and citizenship for women in Malaysia: Where and when? *Malaysian Journal of Syariah and Law*, 9(1), 103–113. <https://doi.org/10.33102/mjssl.vol9no1.265> (In English).

Othman, I. W., Ahmad, M. K. L., & Esa, M. S. (2024). Empowering the sustainability of the Malay language as a communication transmission and element of identity. *International Journal of Law, Government and Communication*, 9(36), 1–15. <https://gaexcellence.com/ijlgc/article/view/1915>. (In English).

Ong, S. L. (2010). Assessment profile of Malaysia: High-stakes external examinations dominate. *Assessment in Education: Principles, Policy & Practice*, 17(1), 91–103. <https://doi.org/10.1080/09695940903319752>. (In English).

Paramjit Kaur, & Aspalila Shapii. (2024). Language and Nationalism in Malaysia: A Language Policy Perspective. *International Journal Of Law, Government And Communication (IJLGC)*, 3(7), 1-10. Retrieved from <https://gaexcellence.com/ijlgc/article/view/1915>. (In English).

Polese, A., Urinboyev, R., Kerikmae, T., & Murru, S. (2018). Negotiating Spaces and the Public–Private Boundary: Language Policies Versus Language Use Practices in Odessa. *Space and Culture*, 22(3), 263-279. <https://doi.org/10.1177/1206331218799021>. (In English).

Rahman, M. M., & Singh, M. K. M. (2021). English and Malay language policy and planning in Malaysia. *Training, Language and Culture*, 5 (4), 36-46. (In English).

Smagulova, J. (2021). When language policy is not enough. *International Journal of the Sociology of Language*, 2021, 265-269. <https://doi.org/10.1515/ijsl-2020-0101>. (In English).

Subakir, M.N., Rosli, N. A. M., & Abdullah, R. (2023). Malay language as the state emblem of Malaysia. *International Journal of Academic Research in Business and Social Sciences*, 13(7), 1083–1096. (In English).

Tlepbergen, D., Akzhigitova, A., & Zabrodsckaja, A. (2023). Bottom-Up Approach to Language Policy and Planning in Kazakhstan. *Societies*, 13(2), 43. <https://doi.org/10.3390/soc13020043>. (In English).

2021 jylgy Ulttyq halyq sanağynyñ nätijeleri. [Results of the 2021 National Population Census]. <https://stat.gov.kz/en/national/2021/>. (In Kazakh).